

Қ. Н. Әбугалиев,

*Ғылыми-зерттеу институтының ішкі істер органдарының
қызметін реттейтін заңнаманы зерттеу және мониторингтеу
мәселелері бойынша орталығының аға ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ — ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙДЫҢ ЖАҚСАРУЫ

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» атты кезектен тыс Қазақстан халқына Жолдауы мемлекетіміздің келешектегі саясатын айқындаушы бірден-бір құжат болып табылады. Бұл Жолдаудағы негізгі міндеттердің бірі — алдағы уақыттарда ұлттық экономикамыздың дамуы, азаматтарды қосымша жұмыс орнымен қамтамасыз ету сияқты стратегиялық міндеттерді шешетін мемлекет инфрақұрылымын ауқымды дамыту болмақ. Жалпы Жолдаудың бағыттары «Қазақстан — 2050 даму стратегиясынан» бастау алады. «Қазақстан — 2050 даму стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты — Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуін одан әрі дамытуға жасалған үлкен қадам. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың Үкімет пен Парламенттің алдына қойған міндеттері біз үшін түсінікті және нақты орындалатын тапсырмалар екені анық.

Мұндағы өзекті мәселелердің бірі — әлеуметтік саланы модернизациялау, экономиканы қарқынды дамытудың негізгі факторы ретінде зияткерлік және әлеуметтік капиталды арттыру. Президенттің Қазақстан халқына жаңа Жолдауында мемлекеттің бұдан әрі дамуында маңызы зор әлемдік экономиканың дамуы және ғаламдық қаржы экономикалық дағдарыс мәселелеріне нақты талдау жүргізілді. Осыған орай басты назар Қазақстанды әлеуметтік-экономикалық дамытуға арналатынын Елбасының мына сөзінен аңғаруға болды: «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясат біздің экономикамыздың таяу жылдардағы өсімінің драйвері болады. Тек жол құрылысы арқылы ғана жаңадан 200 мың жұмыс орны құрылады. Ал бұл халықтың жұмыспен қамтылуын және табыстарының өсуін білдіреді¹. Ал, халықтың басым көпшілігінің жұмыспен қамтамасыз етіліп, жұмысбасты болуы Республикамыздағы қылмыс деңгейінің төмендеуіне де әсерін тигізеді. Қазіргі криминологтарымыздың айтуынша, қоғамдағы қылмыстылықтың пайда болуы мен өсуіне әсер ететін 3 басты фактор бар:

- біріншісі, білімді қоғам мәдениеті, адами құндылықтар және халық дәстүрлері. Мәдениет шарықтаған жерде адам өмірі де гүлдене түседі. Адам санасынан бұл солғындағанда, мәдениетсіздік те, оның соңынан қылмыстық мінез-құлық та белең алады;

- екіншісі, қоғамның экономикалық ахуалы;

- үшінші фактор — қоғамның саулығы. Дені сау адамдар — бақытты адамдар. Ал, бақытты адамдар — өмірдің мәнін түсінген адамдарⁱⁱ.

Қылмыстың алдын алуда қоғам мен мемлекеттің дұрыс экономикалық ахуалы ерекше рөл атқаратынын мойындауымыз керек. Жұмыссыздық жайлаған жерде қылмыстылық деңгейі де арта түседі. Жұмысы жоқ адамдардың көпшілігі жеңіл жолмен пайда табуды көздейтіні де белгілі.

Ал қылмыспен тікелей күресетін құқық қорғау органдары жұмысының басты мақсаттары «Қазақстан — 2050» даму стратегиясынан бастау алған алдағы Жолдауда белгіленген болатын. Елбасы ондағы өз Жолдауында отанымыздың дамуы жаңа деңгейге бет алғанын және онда құқық қорғау органдары жүйесіне құқықтың кепілі болуға жауапты рөл айқындалғанын атап көрсеттіⁱⁱⁱ.

Қай мемлекетті алсақ та өз аумағындағы халықтың қауіпсіз өмір сүруін қамтамасыз етуге ұмтылады. Демократиялық мемлекет өз ұстанымында құқық субъектілерінің құқықтарының сақталуына, бостандық және еркіндігіне, елдегі заңдардың және заңдық күші бар құжаттардың, актілердің орындалуын қамтамасыз етеді. Осыған байланысты мемлекеттік институттардың жұмысын жетілдіре түсу қажет. Дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін ашық бәсекелестік, әділеттілік, заңның билігі және құқықтық мәдениеттің

биіктігі болуы шарт. Мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдар және бизнес өкілдерімен бірігіп іс-шаралар атқаруға жаңарған құралдар қажет.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жолдауы — бұл біздің ұлттық идеямыз, болашақта дамыған 30 елдің қатарына енудің Стратегиялық жоспары.

Елбасы Жолдауы әрқашан еліміз үшін маңызды мәселелерді қамтып келеді. Осы жылғы Жолдауда экономикалық мәселелер басты маңызға ие болғаныменен, Президентіміз еліміздің рухани-мәдени мәселелерін де атап айтып, «Мәңгілік ел» идеясының қазақстандықтар үшін маңызын толығымен түсіндіріп өтті. Сонымен қатар 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы өтетіндігі барша қазақстандықтар үшін аса маңызды іс-шара болып табылатындығын, сондай-ақ, осы 2015 жылы Қазақстан халықтары Ассамблеясының 20 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы атап өтетіндігін айтты.

«Біз Жалпыұлттық идеямыз — Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел — елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан — 2050» стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі — Мәңгілік Ел! Ол — барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы», — деп түйінделген Елбасының жолдауы жарқын болашағымыздың көрінісі.

i Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол — Путь в будущее» атты Қазақстан халқына Жолдауы 2014 ж. 11 қараша // <http://www.akorda.kz>

ii <http://politikus.ru>

iii Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы — 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы 2014 ж. 18 қаңтар // <http://www.akorda.kz>